

Темір жол көлігінде жолаушыларды, жүктерді және ауыр жүктерді тасымалдау тарифі туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 24 ақпандағы N 203 қаулысы

Ескерту. Мәтінде сөздер алмастырылды - ҚР Үкіметінің 2003.03.17. N 258

қ а у л ы с ы м е н .

Тәуелсіз мемлекеттер Достастығына мүше мемлекеттердің бірыңғай тарифтік саясатын жүргізу мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қ а у л ы е т е д і :

1. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына мүше мемлекеттердің Темір жол көлігі жөніндегі кеңесі ұсынған Швейцария Франкімен есептелген жолаушылардың мемлекетаралық базалық тарифі 1995 жылғы 1 наурыздан бастап енгізілсін.

2. Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігі халықаралық қатынаста темір жолда жолаушылар тасымалдауға преЙскурант бекітсін.

3. Көрсетілген тарифтер жолаушыларды, жүктерді және ауыр жүктерді тасымалдау к е з і н д е :

х а л ы қ а р а л ы қ қ а т ы н а с т а :

республикалық қатынаста - Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына мүше мемлекеттердің темір жол поездары мен вагондарына қолданылсын.

4. Көрсетілген тарифтер бойынша Қазақстан Республикасының республика ішіндегі қатынастардағы темір жол поездар мен вагондарында жолаушыларды, жүктерді және ауыр жүктерді тасымалдау кезінде 0,5 коэффициентін қолдану жүзеге асырылсын.

5. Жолаушыларды, жүктерді және ауыр жүктерді республикалық қатынаста Қазақстан Республикасы темір жол поездары мен вагондарында тасымалдауды қоспағанда, мемлекетаралық жолаушылар тасымалдаудың тарифтік валютасын (Швейцария франкімен) теңгемен есептеу айдың басында қазіргі кездегі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми бағамы бойынша белгіленсін. <*>

Жолаушыларды, жүктерді және ауыр жүктерді республикалық қатынаста Қазақстан Республикасының темір жол поездары мен вагондарында тасымалдау кезінде мемлекетаралық жолаушылар тарифі валютасын (швейцар франкін) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің 2002 жылғы 1 қазандағы ресми бағамы бойынша теңгемен қайта есептеу жүргізіледі. <*>

Ескерту. 5-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.03.17. N 258 қаулысымен.

6. Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитеті бұрын қолданылған шешімдерді осы қаулыға сәйкестендірілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК